

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

УДК 37

Б.С. Бекмухамбетов¹, М.К. Тлеукабулов¹, С.М. Абилкаиров¹, Ш.С. Баянбаева¹

¹Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, г. Алматы, Казахстан

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аннотация: В этой статье рассматриваются некоторые особенности социальной деятельности педагога и организация цели деятельности педагога.

Аңдатпа : Бұл мақалада педагогтың әлеуметтік қызметінің кейбір ерекшеліктері мен педагог қызметінің мақсатын ұйымдастыру қарастырылады.

Abstract: The article is considered the main characters of cooperation work and teacher's social response of differences in education of children.

Ключевые слова: деятельность социального педагога, социальное воспитание, соzum, задачи воспитания, социальная адаптация, социальная автономизация.

Keywords: Activity of the social pedagogue, social upbringing, sosum, tasks of upbringing, social adaptation, social autonomy.

Түйінді сөздер: әлеуметтік педагог қызметі, әлеуметтік тәрбие, әлеумет, бала тәрбиесіндегі міндеттер, әлеуметтік адаптация (бейімделу), әлеуметтік автономизация (оқшаулану).

Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, ертеңгі қоғам иелері болатындай азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, балабақшаның, мектептің, жоғары оқу орындарымен қоса, барша қоғамның міндеті болып отыр.

Осыған байланысты біздің еліміз 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы Конвенцияны» мақұлдады. Конвенцияның мазмұны негізгі 4 түрлі талапты қояды. Олар баланың өмір сүру құқы, баланы қорғау, олардың дамуына әртүрлі жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу. Ең бастысы – баланың қандай себептері болмасын кемсітпеу. Бұл конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, босқындарға, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі. Осы жоғары әлеуметтік- адамгершілік құндылықтан өскелең ұрпақ тәрбиесіне қолданатын әлеуметтік тәрбиелік технологиялар көрініс табу керек. Барлық әлеуметтік тәрбие субъектілеріндегі қызмет сапасын арттыру үшін, оңалдыру, түзету қызметін құру үшін білім беру ұйымының әлеуметтік сала қызметкерлері, жұртшылық, ата-анаға әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың технологиясы туралы, әлеуметтік тәрбиелік ұйымдары туралы терең білім керек.

Тұлғаның дұрыс қалыптасуы, оның әлеуметтенуі әлеуметтік тәрбиемен байланысты. Әлеуметтік тәрбие дегеніміз не? Бұл – қоғамның өзінің өсіп келе жатқан ұрпағына деген қамқоры. Тұлғаның физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуына қоғамдық, мемлекеттік және жеке оқыту үшін тәрбиелік мекемелер құрылуда. Тәрбие – бұл берілген қоғамда қалыптасқан нормалар мен тәртіп ережелеріне адамды үйрету, дағдыландыру.

Әлеуметтік тәрбие баланың білімімен, ағартушылығымен, оқыту және өзін-өзі білімденуімен байланысты. Әлеуметтік тәрбиені қалай ұйымдастыруға болады? Отбасында, мектептегі кризистік жағдайларда тұлғаға индивидуалды көмек, баланың

физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдайын, денсаулығын қалпына келтіру қажет. Өз өмірін ұйымдастыруда жасөспірімдерге, солардың ішінде ұл бала немесе қыз балаға бағытталған білім мен тәрбие қатар берілуі қажет. Педагогика және психология ғылымындағы әлеуметтік тәрбие мәселесін қарастыра отырып негізгі тәрбие берудің алғышарттарын былайша көрсетуге болады:

- табиғат және ана тілі;
- отбасындағы, мектептегі, айналадағы ортаның қарым-қатынасы;
- бұқаралық ақпарат құралдары, өнер, әдебиет;
- баланың өзінің өмір салты, оның микроортада атқаратын жоспарлары.

Сонымен қатар, психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде әлеуметтік тәрбиенің негізгі принциптері жасалынған. Олар:

Табиғилық принципі – баланың қабілеттері мен басқыштарын зерттеу және олардың дамуына көмектесу.

Халықаралық принципі – ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді және ана тілді ескеру.

Гуманитарлық принципі әр баланың индивидуалдылығын мойындау, оның физикалық, рухани, эмоциялық, әлеуметтік құндылықтарының дамуын, қайырымдылығын және кризистік жағдайларда қолдану.

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтену дегеніміз не? Кең ауқымда алатын болсақ адамның – әлеуметтік нормалары мен нәтижесі. Әлеуметтік педагогика педагогика тарихындағы бұрынғы оқу мен тәрбиенің озық тәжірибесіне анализ жасауға сүйенеді.

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуға көмектесу, рухани жан дүниені танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Адамның өзін қоғамда тұлға ретінде сезіну процесін – тұлғалық әлеуметтенуі деп атаймыз. Бұл процесс, тәрбиелеу, білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтану процесінде екі мәселе шешіледі:

1. Әлеуметтік адаптация (бейімделу)– жеке адамның ортаға бейімделуі – барлығымен бірге болу.

2. Әлеуметтік автономизация (оқшаулану) – ортамен бірге бола отырып, өзімен-өзі болу, іс-әрекеті мен қарым-қатынастарында табанды болу және тұлғалық өзін бағалай білуі керек.

Әлеуметтік педагогтың мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен оқушылар арасындағы байланысты орнатуы әкімшілікпен, әлеуметтік қорғау орындарымен, құқық қорғау орындарымен, медициналық ұйымдарымен, мәдени орталықтарымен, яғни балалық мүддесін қорғауға тығыз байланыста болуы тиіс. Әлеуметтік педагог белгілі бір объектімен жұмыс бастамас бұрын қабілетін және нәтижені алдын ала болжай білу керек. Әлеуметтік педагог берілген бір нәтижеге жету үшін әлеуметтік педагогикалық жұмысты жоспарлауы, білім мен іскерлікті орынды пайдалануы, педагогикалық жаңа интенсивті әдістерін меңгеруі оқыту мен тәрбиелеудің формаларын білуі қажет. Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, ата-аналарға жеке кеңес беруі отбасылық мәселелерді бірлесе шешуге көмектеседі.

Әлеуметтік педагогиканың міндеттері:

1. Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді.

2. Оқушының микроортасын, өмір сүру жағдайларын зерттейді.

3. Оның қажеттігі мен қызығушылығын байқайды.

4. Қиындығы мен проблемаларына, тәрбиедегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдану көрсетеді.

5. Әлеуметтік педагогика диагностика әдістемесін анықтайды.

6. Патронат бойынша тұрғын үй, зейнетақы беру, жетім балалар мен ата-аналар қамқорлығынсыз қалған баланың мүліктік және мүліктік емес құқы бойынша жұмыс жүргізеді.

7. Сабақтан тыс уақытта оқушының физикалық және дарындылық таланттарын дамытуға жағдайлар жасайды.

8. Мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты орнатады.

9. Психологпен, мұғалімдермен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп, тығыз байланыста жұмыс жасайды.

10. Білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзыреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді.

Елімізде заман талабына орай, әлеуметтік педагогты дайындау 1991 жылдан бастап мына білім ордаларында басталды:

1. Гумилев атындағы Еуразиялық университеті
3. Қарағанды педагогикалық институты
4. Қызылорда педагогикалық институты

Қазіргі кезде бұл мамандық 5 жоғарғы, 3 орта мемлекеттік оқу орындарында дайындалады.

Әлеуметтік педагогтың жұмысы өте ауқымды. Сондықтан да оның жұмысы төменде көрсетілгендей үш бағытта өрбиді:

1. Мектептегі жұмыс;
2. Мемлекеттік, қоғамдық, қоғамдық емес ұйымдарымен жұмыс;
3. Оқушының тұрғылықты жеріне байланысты жұмыстар.

Сол себепті бұл қызметте әлеуметтік білімі бар маман болмаса, оның орнына тәжірибесі мол, баланың жан дүниесін түсіне алатын, оның болашағына жауапкершілікпен қарайтын білікті маман жұмыс істеуі тиіс.

Әлеуметтік педагог мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын жүргізіп отыруы керек. Бұл карта әлеуметтік педагог, директор, оқу тәрбие жөніндегі орынбасарларының, психологтың, сынып жетекшісінің жұмыс үстелінде болуы тиіс.

Әлеуметтік картада мына төмендегі мағлұматтар қамтылады:

1. Жетім балалар және жартылай жетім балалар.
2. Көп балалы отбасылар.
3. Көмекке өте зәру оқушылар.
4. Тәртібінде ауытқуы бар балалар.

Өскелең ұрпақты тәрбиелейтін әлеуметтік тәрбиенің басты мақсаты –ұрпақтың қоғамдық өмірге қатысты жеке тұлғалық қасиетін дамыту және қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындау. Үшінші мыңжылдықта тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі басқа адамдарды қолдауға дайын тұратын қарым-қатынасты бағалай алатын яғни, коммуникативтік қабілеті дамыған тұлғаны қалыптастыру болса, бұл жұмысқа әлеуметтік педагог та өз үлесін қоса алатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

[1] Бейсенбаева К.Д. Кикілжің – бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік бейімделуінің негізі. –Алматы // «Тәрбие мәселелері». –2009ж., №1. -148-бет.

[2] Қарибаев Ж.А. Бала тәрбиесіндегі әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері. – Алматы // «Тәрбие мәселелері». -2009ж.,№3 145-147- бет.

[3] Панова А. Әлеуметтік педагогика міндеттері. – Алматы: Мектеп, 2006ж.

[4] Латышина Д.И. История педагогики. –М.: Спб, 2005г.